

Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 26-28 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 қарашадағы N 1501 қаулысы

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 26-28 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - **Ж о с п а р**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша), сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар **е т с і н .**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 21 қарашадағы
N 1501 қаулысымен

бекітілген

Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына
2001 жылғы 26-28 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол
жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ-----

--

Р/с! Іс-шаралар ! Орындау ! Жауапты орындаушы
N ! ! мерзімі !

1! 2 ! 3 ! 4

1. 2001 жылғы 26-28 қыркүйекте қол қойылған халықаралық

шарттардың күшіне енуі жөніндегі мемлекетішілік рәсімдерді
қамтамасыз ету

- 1 Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Украина Министрлер жылдың Білім және ғылым
Кабинеті арасындағы Білім және I тоқсаны министрлігі
ғалымдық (ғылыми) дәрежелер
мен ғылымдық атақтар жөніндегі
құжаттарды өзара тану және
олардың баламалылығы туралы
келісім
- 2 Қазақстан Республикасының -//- Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі Мемлекеттік кіріс
мен Украинаның Мемлекеттік министрлігі
салық әкімшілігі арасындағы
Этил спирті мен алкоголь
өнімдерінің өндірісіне бақылау
саласында өзара іс-қимыл
жасау және ақпарат алмасу
туралы келісім

2. Халықаралық шарттарды қол қоюға дайындау

- 3 Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Украина Министрлер жылдың Қорғаныс министрлігі
Кабинеті арасындағы Әскери қаңтары
техникалық ынтымақтастық
туралы келісім
- 4 Қазақстан Республикасының -//- Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Украина Министрлер Туризм және спорт
Кабинеті арасындағы Туризм жөніндегі агенттігі
саласындағы ынтымақтастық
туралы келісім
- 5 Қазақстан Республикасының -//- Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Украина Министрлер Еңбек және халықты
Кабинеті арасындағы Еңбек әлеуметтік қорғау

- көші-қоны мен мигрант-
еңбекшілерді әлеуметтік қорғау
саласындағы ынтымақтастық
туралы келісім
- 6 Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Украина Министрлер
Кабинеті арасындағы
Мемлекеттердің аумақтарында
заңсыз тұрған адамдарды
қабылдау және тапсыру туралы
келісім
- 7 Қазақстан Республикасының
Үкіметі, Украина Министрлер
Кабинеті және Ресей
Федерациясының Үкіметі
арасындағы ВВЭР-1000
реакторларының ядролық отынын
өндіру жөнінде бірлескен
кәсіпорын құру туралы келісім
- 8 Қазақстан Республикасының
Үкіметі, Ресей Федерациясының
Үкіметі және Украина Министрлер
Кабинеті арасындағы Басқарып
ұшырылатын орбиталық кешендердің
ұшуы мен пайдаланылуын қамтамасыз
ету жөніндегі үкіметаралық
комиссияны құру туралы келісім
- 9 Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау жөніндегі
министрлігі мен Украинаның
Денсаулық сақтау министрлігі
арасындағы фармацевтика
өнеркәсібі саласындағы
ынтымақтастық туралы келісім
- министрлігі
- //- Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
- //- Қазақстан Республикасының
Энергетика және
минералдық ресурстар
министрлігі
- 2002 Қазақстан Республикасы
жылдың Энергетика және
І тоқсаны минералдық ресурстар
министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
- //- Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігі

10 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Украинаның Мемлекеттік кеден қызметі арасындағы Кеден ісіндегі ынтымақтастық туралы меморандум

2002 Қазақстан Республикасы жылдың Мемлекеттік кіріс ІІ тоқсаны министрлігінің Кеден комитеті

3. Түрлі салалардағы ынтымақтастық

11 "Южный" мұнай терминалы мен "Одесса-Броды" мұнай құбырын пайдалана отырып, қазақстан мұнайын тасымалдау жобасына қазақстандық мұнай өндіруші компанияларды тарту жөніндегі мәселені пысықтау

2002 Қазақстан Республикасының жылдың Энергетика және қаңтары минералдық ресурстар министрлігі, "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша)

12 Украина ұйымдары мен кәсіпорындарының газ кен орындарының Амангелді тобын игеруге қатысу мүмкіндігі мен перспективаларын қарау

2002 Қазақстан Республикасының жылдың Энергетика және қаңтары минералдық ресурстар министрлігі

13 Кентау трансформатор зауытының базасында кернеуі 110-550 кВ электр желілері үшін қуатты трансформаторлар өндірісі жөніндегі бірлескен кәсіпорынды Қазақстанда құру мүмкіндігін қарау

2002 Қазақстан Республикасының жылдың Экономика және сауда І тоқсаны министрлігі

14 Машиналардың түрлерін, шығару көлемін және кооперациялануды көздей отырып, ауыл шаруашылығы техникасының бірлескен өндірісінің ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу және бекіту

2002 Қазақстан Республикасының жылдың Ауыл шаруашылығы ІІ тоқсаны министрлігі

- | | |
|---|---|
| 15 Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Украина Президенттерінің "Днепр" ғарыш бағдарламасы бойынша бірлескен мәлімдемесін қол қоюға әзірлеуді аяқтау | 2002 Қазақстан Республикасы жылдың Энергетика және I тоқсаны минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті |
| 16 Әскери-техникалық өнімдерді бірлескен ғылыми-зертеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу жөнінде олардың өзара жеткізілімі, пайдаланылуы және жөнделуі жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу және енгізу | 2002 Қазақстан Республикасының жылдың Қорғаныс министрлігі I тоқсаны |
| 17 Мемлекеттік білім гранттарын ұсыну туралы мәселені пысықтау | 2002 Қазақстан Республикасының жылдың Білім және ғылым II тоқсаны министрлігі |
| 18 Қолданылып жүрген екі жақты үкіметаралық келісімдерді ескере отырып, қаржылық мәселелерді реттеу жөнінде ұсыныстар беру | 2002 Қазақстан Республикасының жылдың Қаржы министрлігі, қаңтары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 19 Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-украина мемлекетаралық комиссиясының 5-ші бірлескен мәжілісін өткізу | 2002 Қазақстан Республикасының жылдың Сыртқы істер министрлігі III тоқсаны |
-